

**«КЕЛІСЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің І-Вице-президенті  
м.а. \_\_\_\_\_ П.Пилтен  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж.

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің президенті  
\_\_\_\_\_ Б.Абдрасилов  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**

**УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**

**УЕ-ХҚТУ-068-2019**

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІНЕ СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ  
Е Р Е Ж Е С І**

**АЛҒЫ СӨЗ**

1. Қабылдау комиссиясы тарапынан **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлеген - Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Т.Ниязов
3. Келісілді - Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент Ө.Үмбетов  
- Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының  
басшысы Ж.Дарихаев  
- Құқық бөлімінің басшысы А.Әбсеметов  
- Білімгерлерді қабылдау мәселесі бойынша ректор кеңесшісі  
Е.Төлегенов
4. Енгізілді - 2019
5. Тексеру мерзімі - 2021

**Қызметтік қолданыс үшін басылым**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-068-2019</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі</b>		<b>14 беттің 2 – ші беті</b>

## МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы_____	3
2. Нормативтік сілтемелер_____	3
3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар_____	3
4. Жауапкершілік_____	3
5. Жалпы ережелер_____	4
5.1. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі _____	4
5.2. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі _____	5
6. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қабылдау тәртібі_____	5
6.1. Мемлекеттік білім грантына қабылдау тәртібі_____	5
6.2. Түркия грантына қабылдау тәртібі_____	6
6.3. Ақылы негізде қабылдау тәртібі _____	7
7. Шетелдік азаматтардың емтиханын ұйымдастыру тәртібі_____	7
8. Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша қысқартылған және жедел білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі _____	8
9. Келісу, сақтау және тарату _____	9
Қосымша-А_____	10
Қосымша Б Танысу парағы _____	13
Қосымша В Өзгерістерді тіркеу парағы_____	14

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-068-2019</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі</b>		<b>14 беттің 3 – ші беті</b>

## **1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1. Осы ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (одан әрі, Ахмет Ясауи университеті) білімгерлерді қабылдау тәртібіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2. Университеттің осы ережесі бакалавриат бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша маман даярлауда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.3. Ереже студенттерді қабылдаудың сапасын бағалауда негіз болып табылады.

1.4. УЕ-ХҚТУ-068-2019 Университет ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## **2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы;

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы;

- "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы N 58 Қаулысы (жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 07.02.2019ж. №39 қаулысы);

- Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы;

- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес мәжілісінің шешімдері;

- Қабылдау комиссиясының шешімдері;

- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;

- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару;

## **3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ЖЖОҚБҰ- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

УЕ – университет ережесі;

СМЖ – сапа менеджмент жүйесі;

СМЖҚ – СМЖ құжаттары;

АРО – Аккредитация және рейтинг орталығы

ҰБТ – ұлттық бірыңғай тестілеу

## **4 ЖАУАПКЕРШІЛІК**

4.1. Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің Сенат мәжілісінде талқыланады.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-068-2019</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі</b>		<b>14 беттің 4 – ші беті</b>

4.2. Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университеті президенті – Сенат мәжілісінің төрағасы тарапынан бекітіледі.

4.3. Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Қабылдау комиссиясы жауапты болып табылады.

4.4. Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент қадағалайды.

## **5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **5.1. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі**

5.1.1. ЖЖОҚБҰ-на жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары білімі бар азаматтар қабылданады.

5.1.2. ҰБТ-дан өткен және ҰБТ нәтижесі бойынша "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша – кемінде 65 балл, «Педагогикалық ғылымдар» білім саласы бойынша 60 балл, ал басқа мамандықтар бойынша 50 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы – оқу тілі бойынша – кемінде 5 балл және әр бейіндік пәннен кемінде 5 балл алуы қажет.

5.1.3. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші ҰБТ-дан өткен және ҰБТ нәтижесі бойынша «Педагогикалық ғылымдар» білім саласы бойынша кемінде 60 балл, ал басқа мамандықтар бойынша 50 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы – оқу тілі бойынша – кемінде 5 балл және әр шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл алуы қажет.

5.1.4. ҰБТ-дан өткен, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері ҰБТ нәтижесі бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде кәсіптік пән бойынша – кемінде 5 балл және арнаулы пән бойынша кемінде 5 балл алуы қажет.

5.1.5. Шығармашылық дайындықты талап ететін, ҰБТ-дан өткен қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша білім беру конкурсына қатысуға немесе ақылы оқуға ниет білдірген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері ҰБТ және шығармашылық емтихан нәтижесі бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл және арнаулы пән бойынша кемінде 5 балл алуы қажет.

5.1.6. ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балды алмаған үміткерлер ЖЖОҚБҰ-ға 1 (бірінші) академиялық кезең аяқталғанға дейін күндізгі оқу бөліміне шартты түрде ақылы негізде қабылданады.

5.1.7. ЖЖОҚБҰ-да білім алудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі аяқталғаннан кейін шартты түрде қабылданған білім алушылар, белгіленген мерзімде ҰБТ-ны қайта тапсырады. Бірінші академиялық кезең аяқталғаннан кейін тапсырған ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балды алмаған жағдайда ЖЖОҚБҰ-дан шығарылады.

5.1.8. "Орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды ЖЖОҚБҰ-ның қабылдау комиссиясы, қабылдау нысанын (әңгімелесу, ауызша, жазбаша немесе тест, т.б.) нақтылау арқылы жүзеге асырады.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-068-2019</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі</b>		<b>14 беттің 5 – ші беті</b>

## **5.2 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі**

5.2.1."Педагогикалық ғылымдар", "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)", "Өнер" және "Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау" білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнаулы немесе шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

5.2.2.Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау, өздері таңдаған ЖЖОҚБҰ орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

5.2.3.Шығармашылық дайындықты талап ететін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

5.2.4.Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 40 балдық жүйе бойынша, ал қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

5.2.5."Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласына түсуші адамдар бір арнаулы емтихан тапсырады.

5.2.6."Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша ЖЖОҚБҰ-на түсуші адамдар психометрикалық тест нысанындағы бір арнаулы емтихан тапсырады.

5.2.7."Педагогикалық ғылымдар" және "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру салалары бойынша оқуға түсушілер үшін арнаулы емтихан "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады.

## **6. ЖЖОҚБҰ-на қабылдау тәртібі**

### **6.1. Мемлекеттік білім гарантына қабылдау тәртібі**

6.1.1.Мемлекеттік білім грант иегерлері "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына, «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы Қазақстан республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 Қаулысы (жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.02.2019 ж. №39 қаулысымен), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы, негіздерінде қабылданады.

6.1.2.Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы университетпен келісім-шарт жасайды.

6.1.3.І-ші және ІІ-ші топтағы мүгедектігі бар азаматтар, мүгедек балдар, бала кезінен мүгедектігі бар балдар, қабылдау комиссиясына таңдаған мамандығы бойынша білім алуға қарсы айғақтардың жоқтығы туралы медициналық қорытындыны ұсынады.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-068-2019</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі</b>		<b>14 беттің 6 – ші беті</b>

## **6.2.Түркия грантына қабылдау тәртібі**

6.2.1.«Түркия грантына» қабылданатын контингент саны мен кейбір жеке мамандықтарға бөлінісі Өкілетті кеңес тарапынан анықталады.

6.2.2.Түркия гранты конкурсына Ұлттық бірыңғай тестілеуден "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша кемінде 65 балл, «Педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша 60 балл, ал басқа мамандықтарға 50 және одан жоғары ұпай жинаған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

6.2.3.Түркия грантына іріктеу жұмыстары, тек маусым-шілде айларында тапсырған ҰБТ нәтижесі бойынша, ал республикалық «Ясауи» пәндік олимпиадасы жеңімпаздары, ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен Халықаралық, Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадасының жүлдегерлеріне қаңтар, наурыз, маусым және тамыз айларында тапсырған ҰБТ нәтижелері бойынша берілген сертификат ұпайына қарай жүргізіледі. Ұпай саны тең болып, басым құқығы болмаған жағдайда, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа ұпайы бірдей болғанда бірінші бейіндік пән бойынша алған ұпайы ескеріледі. «Алтын белгі» иегерлері конкурс кезінде ұпайлары бірдей болған кезде ғана ескеріледі.

6.2.4.Түркия грантына Осы ереженің 6.2.5 тармағын қоспағанда күндізгі бөлім оқу түріне 1 жыл «Дайындық курсына» оқу шартымен қабылданады.

6.2.5.Түркия грантына үміткер Республикалық «Ясауи» пәндік олимпиадасы жеңімпаздарына, ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен Халықаралық, Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадасының жүлдегерлеріне университет берген грант сертификатының иегерлері және төмендегі тізімде көрсетілген "Өнер" және "Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау" бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларына қабылданған спортшылар мен өнерпаздар оқу-жаттығу үдерісінің ерекшелігіне байланысты 1-курс студенті қатарына қабылданады.

<b>№</b>	<b>БББ тобының коды</b>	<b>Білім беру бағдарламалары тобының атауы</b>
1.	V004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау
2.	V005	Дене шынықтыруы мұғалімдерін даярлау
3.	V006	Музыка мұғалімдерін даярлау
4.	V007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
5.	V021	Орындаушылық өнер
6.	V025	Дәстүрлі музыка өнері
7.	V027	Театр өнері
8.	V028	Хореография
9.	V031	Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіп дизайны

6.2.6.Түркия Республикасынан Түркия грантына қабылданатын студенттер үшін «Студенттерді іріктеу және орналастыру орталағы» тарапынан өткізілетін іріктеу емтиханы нәтижесінде қабылданады.

## **6.3.Ақылы негізде қабылдау тәртібі**

6.3.1.ЖЖОҚБҰ-на ақылы негізде, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары білімі бар азаматтар оқуға қабылданады.

6.3.2.ҰБТ-дан өткен және ҰБТ нәтижесі бойынша «Педагогикалық ғылымдар» білім саласы бойынша 60 баллдан, ал "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласынан басқа білім беру бағдарламалары бойынша 50 балл, оның

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-068-2019</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі</b>		<b>14 беттің 7 – ші беті</b>

ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы – оқу тілі бойынша – кемінде 5 балл және әр бейіндік пәннен кемінде 5 балл алуы қажет.

6.3.3."Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша ақылы негізде білімгерлерді қабылдаудың ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балын ЖЖОҚБҰ-ның қабылдау комиссиясы белгілейді.

6.3.3."Орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдарды ЖЖОҚБҰ-на қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы білім алуы үшін қабылдауды ЖЖОҚБҰ-ның қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

6.3.4.Жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды ЖЖОҚБҰ-ның қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

6.3.5.ЖЖОҚБҰ-на ақылы негізде оқуға қабылдау үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қабылдау қағидаларына сәйкес, ЖЖОҚБҰ-ның ректорымен бекітілген нысанда қосымша емтихан (жазбаша немесе тест түрінде) өткізіледі.

6.3.6.Шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау ЖЖОҚБҰ-ның қабылдау комиссиясы өткізетін сұхбаттасу және тест нәтижелері бойынша конкурстық негізде күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын ақылы негізде білім беру бағдарламаларына қабылдау ЖЖОҚБҰ-ның қабылдау комиссиясы бекіткен контингент бойынша академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

6.3.7.Визалы мемлекеттерден ақылы оқуға тусетін талапкерлерден сұхбаттасу және тест емтиханы онлайн түрде қабылданады.

6.3.8.Түркия Республикасынан ақылы негізінде қабылданатын студенттер «Студенттерді іріктеу және орналастыру орталағы» тарапынан өткізілетін іріктеу емтиханы нәтижесінде қабылданады.

## **7.Шетелдік азаматтарға сұхбаттасу және тестілеу емтихандарын өткізу тәртібі**

7.1.Шетелдік азаматтарды ақылы негізде қабылдау контингентінен асқан жағдайда ЖЖОҚБҰ-на қабылдау сұхбаттау және тест емтихандарының нәтижесі бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

7.2.Шетелдік азаматтарға сұхбаттасуды өткізу үшін білім беру бағдарламалары бойынша құрылған емтихан комиссияларының мүшелері жұмылдырылады. Сұхбаттасу комиссиясы құрамын, қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

7.3.Сұхбаттасу және тестілеу емтиханын өткізу кестесі қабылдау комиссиясының жауапты хатшысымен анықталады және қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі.

7.4.Сұхбаттасу барысында талапкердің білімін, таңдап отырған мамандығына қызығушылығын нақтылау үшін оған кез келген мотивациялық және әмбебап сұрақтар қойылуы мүмкін және нәтижесінде «жеткілікті» немес «жеткіліксіз» деп бағаланады. «Жеткілікті» деп бағаланған талапкер әрі қарай тест тапсыруға жіберіледі.

7.13.Сұхбаттасу нәтижесі бекітілген нысан бойынша хаттамамен рәсімделеді және сұхбаттасу хаттамасына қабылдаушылардың қолдары қойылады.

7.9.Сұхбаттасу және тестілеу емтиханы өткізілетін аудиторияға талапкер оның паспорт немесе жеке басын куәландыратын құжатты және техникалық хатшымен құжаттарды қабылдағаны туралы колхатты ұсыну негізінде кіргізіледі.

7.4.Тестілеу емтиханының сұрақтарының жалпы саны 50, оның 20-сұрағы, қазақ немесе орыс тілдерінен болса, 30 сұрақ білім беру бағдарламасының профильдік пәнінен тұрады.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-068-2019</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі</b>		<b>14 беттің 8 – ші беті</b>

7.4.Тестілеу нәтижесін бағалау 100 (жүз) балдык жүйемен қойылады. Әрбір дұрыс жауап 2 балмен бағаланады. Тест нәтижесі бойынша өту балы білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау комиссиясы бекіткен контингентке сай анықталады.Тестілеу нәтижесі тізімдемесіне қойылып емтихан қабылдаушылардың колдары қойылады.

7.5.Тестілеу емтиханы барысында талапкерлерге: қандай да бір анықтамалық материалдарды пайдалануға (оқулықтарды, әдістемелік оқу-құралдарын, анықтамалықтарды); шпаргалка; ұялы байланыс құралдарын қолдануға рұқсат етілмейді. Аталған ережелер талапкерге сұхбаттасу және тестілеу емтиханын өткізу алдында түсіндіріледі.

7.6.Талапкер тестілеу емтиханы ережелерін бұзған жағдайда емтихан қабылдаушы мен комиссия мүшелері талапкерді тест емтиханынан шығару актісін жасап, нәтижесін 0-ге теңестіріп, талапкерді емтиханнан шығарады.

7.7.Сұхбаттасу және тестілеу нәтижесі бойынша конкурстық негізде оқуға қабылданған шет елдік талапкерге, электронды пошта арқылы оқуға қабылданғаны туралы хат жолданады.

7.8.Сұхбаттасу және тест емтихандары аяқталғаннан кейін сұхбаттасу хаттамалары мен тест нәтижелері бойынша тізімдемелер қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына тапсырылады.

7.9.Сұхбаттасу хаттамасы мен тестілеу нәтижесінің тізімдемесінен көшірме университетке оқуға түскен талапкерлердің жеке құжатында сақталады, ал оқуға түспеген талапкерлердің хаттамалары мен тестілеу тізімдемесі оқуға түсу емтихандары аяқталғаннан кейін бір жылдан кейін жойылады.

## **8.Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша қысқартылған және жедел білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі**

8.1.Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қысқартылған оқу мерзімімен қашықтықтан білім беру технологиясын пайдалану арқылы оқуға қабылданады.

8.2.Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардың және басқа да шет мемлекеттердің азаматтары жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қысқартылған немесе толық оқу мерзімімен қашықтықтан білім беру технологиясын пайдалану арқылы оқуға, күнтізбелік жыл ішінде, академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5 (бес) күн бұрын қабылданады.

8.3.«Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, Қазақстан Республикасының азаматтары және Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардың және басқа да шет мемлекеттердің азаматтары білімі туралы құжаттары расталған жағдайда, ұқсас білім беру бағдарламаларына жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша қабылдау ЖЖОҚБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы жүзеге асырылады.

8.4.Жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары ақылы негізде, қашықтықтан білім беру технологиясын қолдана отырып, қысқартылған мерзімде оқуға қабылдау сұхбаттасу негізінде жүзеге асырады.

8.5.Түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардың азаматтарын ақылы негізде,



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-068-2019</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі</b>		<b>14 беттің 9 – ші беті</b>

қашықтықтан білім беру технологиясын қолдана отырып, қысқартылған мерзімде оқуға қабылдау сұхбаттасу немесе сұхбаттасу және тестілеу негізінде жүзеге асырылады.

## **9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

9.1.Осы университет ережесін талқылау және келісу университет Басқару Кеңесі немесе сенаты отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

9.2.Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі қабылдау комиссиясына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі: Академиялық департаментке, Кәсіби бағдар бөліміне, факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

9.3.Осы университет ережесінің бақылау данасын АРО-ға сақтауға беріледі.

**Оқу-әдістемелік ісі бойынша  
вице-президент**

**Ө.Үмбетов**

**Аккредитация және рейтинг  
орталығының басшысы**

**Ж.Дарибаев**

**Құқық бөлімінің басшысы**

**А.Абсеметов**

**Білімгерлерді қабылдау мәселесі бойынша  
ректор кеңесшісі**

**Е.Төлегенов**

**Қабылдау комиссиясының  
жауапты хатшысы**

**Т.Ниязов**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-068-2019</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі</b>		<b>14 беттің 10 – ші беті</b>

**Қосымша-А**

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Оқу түрі бойынша білім беру бағдарламалары**

**Т І З Б Е С І**

<b>ББ саласының коды және атауы</b>	<b>Даярлау бағытының коды, атауы</b>	<b>Білім беру бағдарламаларының атауы</b>	<b>Күндізгі оқу түрі</b>	<b>Қашықтықтан білім беру</b>	<b>Шетелдік оқуға тапсырушылар үшін БББ бойынша бейіндік пәндер</b>	
01 Педагогикалық ғылымдар	6B011-Педагогика және психология	Педагогика және психология	+	+	Биология	
	6B012-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	+	+	Биология	
	6B013-Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	+	+	Биология	
	6B014-Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	Бастапқы әскери дайындық		+		Шығармашылық пән
		Денешынықтыру және спорт		+		Шығармашылық пән
		Музыкалық білім		+		Шығармашылық пән
		Бейнелеу өнері және сызу		+		Шығармашылық пән
		Кәсіптік оқыту		+		Шығармашылық пән
	6B015-Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	Математика		+	+	Математика
		Физика		+	+	Физика
		Информатика		+	+	Физика
		Химия		+	+	Химия
		Биология		+	+	Биология
		География		+	+	География
	6B016-Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау	Тарих		+	+	Әлемдік тарих
	6B017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	Қазақ тілі мен әдебиеті		+	+	Қазақ әдебиеті
		Орыс тілі мен әдебиеті		+	+	Орыс әдебиеті
		Шетел тілі: екі шетел тілі (Ағылшын және Түрік)		+		Ағылшын тілі
		Шетел тілі: екі шетел тілі (Ағылшын және Араб)		+		Ағылшын тілі
		Шетел тілі: екі шетел тілі (Ағылшын және Қытай)		+		Ағылшын тілі
	02 Өнер	6B021-Өнер	Вокалдық өнер	+		Шығармашылық пән

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>			<b>УЕ-ХҚТУ-068-2019</b>	
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>		<b>Университет ережесі</b>		
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі</b>			<b>14 беттің 11 – ші беті</b>	

және гуманитарлық ғылымдар		Дәстүрлік музыка өнері	+		Шығармашылық пән
		Актерлік өнер	+		Шығармашылық пән
		Хореография	+		Шығармашылық пән
		Сән өнері	+		Шығармашылық пән
		Дизайн	+		Шығармашылық пән
	6B022-Гуманитарлық ғылымдар	Философия	+		Әлемдік тарих
		Тарих	+	+	Әлемдік тарих
		Дінтану	+	+	Әлемдік тарих
		Теология	+	+	Әлемдік тарих
	6B023-Тілдер және әдебиет	Шетел филологиясы: Ағылшын тілі	+	+	Ағылшын тілі
		Шетел филологиясы: Түрік тілі	+		Ағылшын тілі
		Шетел филологиясы: Қытай	+		Ағылшын тілі
		Аударма ісі	+		Ағылшын тілі
		Филология: Қазақ тілі	+		Қазақ әдебиеті
	03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	6B031-Әлеуметтік ғылымдар	Халықаралық қатынастар	+	+
6B032-Журналистика және ақпарат		Журналистика	+		Қазақ тілі/ орыс тілі
04 Бизнес, басқару және құқық	6B041-Бизнес және басқару	Экономика	+	+	Математика
		Менеджмент	+	+	Математика
		Есеп және аудит	+	+	Математика
		Қаржы	+	+	Математика
	Мемлекеттік және жергілікті басқару	+	+	Математика	
6B042-Құқық	Құқықтану	+	+	Әлемдік тарихы	
05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	6B051-Биологиялық және сабақтас ғылымдар	Биология	+		Биология
		Экология	+	+	Биология
	6B053-Физикалық және химиялық ғылымдар	Физика	+		Физика
	6B054-Математика және статистика	Математика	+		Математика

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-068-2019</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне студенттерді қабылдау ережесі</b>		<b>14 беттің 12 – ші беті</b>

06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6B061-Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Информатика	+		Физика
		Ақпараттық жүйелер	+	+	Физика
		Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	+	+	Физика
07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6B071-Инженерия және инженерлік іс	Автоматтандыру және басқару	+		Физика
		Электр энергетикасы	+		Физика
10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)	6B101-Денсаулық сақтау	Жалпы медицина	+		Биология
		Стоматология	+		Химия
11 Қызмет көрсету	6B111-Қызмет көрсету саласы	Туризм	+	+	География
	6B112-Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау	Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі	+		Биология



